



Газет 1930 жылдың 10 қазанынан шыға бастады

2023 жылғы 5 қарашада өткен Түркістан облысы Созақ ауданы әкімін сайлау қорытындылары туралы ХАБАРЛАМА

2023 жылғы 5 қарашада Түркістан облысы Созақ ауданы әкімінің сайлауы өтті.

Сайлаушылар тізіміне 35715 азамат енгізілді. Дауыс беруге -23964 сайлаушы, оның ішінде есептен шығару куәліктері бойынша - 1, дауыс беруге арналған үй-жайлардан тыс -229 қатысты.

Кандидаттардың жалпы саны -3. Созақ ауданы әкімін сайлауының мынадай қорытындылары белгіленді:

Созақ ауданы бойынша:
Абраев Дәуржан Жолдасұлы үшін сайлаушылардың- 3145 дауысы берілді, Айдарбеков Ербол Абдашұлы үшін сайлаушылардың- 3609 дауысы берілді, Тұрысбеков Мұхит Сексенбайұлы үшін сайлаушылардың- 16016 дауысы берілді.

«Барлығына қарсы» белгісі бар бюллетеньдер саны - 667.

Сайлау қорытындыларымен Созақ ауданының әкімі болып:

Созақ ауданы бойынша-Тұрысбеков Мұхит Сексенбайұлы сайланды, 1967 жылы туған, Созақ ауданының әкімі, Созақ ауданы, Шолаққорған ауылдық округі.

Созақ аудандық аумақтық сайлау комиссиясы.

Жоғарғы сот төрағасы Асламбек Мерғалиевтың қатысуымен жоғары сот органының кезекті жалпы отырысы өтті. Іс-шараға сот алқаларының төрағалары мен судьялары, ғалымдар, ғылыми-консультативтік кеңестің мүшелері, Бас прокуратура, Мемлекеттік кірістер комитеті мен адвокатураның өкілдері қатысты.

Күн тәртібінде нормативтік қаулылардың екі жобасы қабылданды. Алғашқы құжат – «Соттардың заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлерді оңалту және банкроттық туралы заңнаманы қол-



ну және мәжбүрлеп орындау мәселелері туындайтын көрсетіп отыр.

Осы орайда нормативтік қаулылар жобасында көрсетілген әрбір жағдай бойынша түсіндірме берілді. Талқылау қорытындысы бойынша Жоғарғы сот судьялары нормативтік қаулылардың жобаларын қабылдау үшін дауыс берді. Жобалармен Жоғарғы сот сайтының «Заңнама» бөлімінде танысуға болады. Нормативтік қаулылардың мәтіні

Екі құжат қабылданды

дануының кейбір мәселелері туралы» деп аталады. Нормативтік қаулы жобасын Жоғарғы соттың судьялары Марина Боровик пен Ботагөз Ералиева таныстырды.

Қолданыстағы нормативтік қаулыда құжат мазмұнының 50 пайыздан көп бөлігі түзетілуге жатады. Осыған орай нормативтік қаулы қаралуға шығарылып отыр. Өйткені «Оңалту және банкроттық туралы» заңға 28 рет өзгеріс енгізілген. Тиісінше, бұл сот тәжірибесіне де өз әсерін тигізді. Құжатта соттылыққа, мерзімдерге, сотқа жүгіну негіздеріне, әдейі банкроттық пен субсидиарлық жауапкершілікке, борышкер мен әкімшінің құқықтық жағдайына, кредиторлар жиналысы мен коми-

тетіне, олардың құқықтары мен міндеттеріне, кредиторлар талаптарының тізілімін жүргізуге және басқаларға қатысты материалдық және үдерістік құқық нормаларының жекелеген ережелері түсіндірілді.

«Соттардың төрелік заңнаманы қолдануының кейбір мәселелері туралы» НҚ жобасын Жоғарғы сот судьялары Маргарита Одинцова мен Жаңылдық Қашқынбаева таныстырды. Жоғарғы соттың төрелік заңнаманы қолданудың сот практикасын қорытуы судьялардың төрелік пен сот арасындағы құзыретті ажырату, қамтамасыз ету шараларын жүзеге асыру және дәлелдемелерді алуға жәрдемдесу, төрелік шешімдердің күшін жою, төрелік шешімдерді та-

Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жарияланады.

Жалпы отырыстың жұмысына Жоғарғы сот жанындағы Халықаралық кеңестің мүшесі, Ұлттық ғылым академиясының академигі, профессор Майдан Сүлейменов және ғылыми-консультативтік кеңестің мүшесі, экономика ғылымдарының докторы Жаннат Ертілесева қатысып, сараптамалық сүйемелдеу қызметін көрсетті. Жиында Асламбек Мерғалиев сот қызметін жетілдіруге қосқан үлесі үшін оларды «Қазақстан Республикасының сот жүйесіне 30 жыл» мерейтойлық медалімен марапаттады.

Баспасөз-2024 «Созақ үні» оқырмандармен бірге, жазылуға асығыңыздар!

Келер жылы аудан айнасы «Созақ үні» газетінің жарық көргеніне 94 жыл болады. Осынау мерзім ішінде тоқсан бес жылға жуық тарихи бар басылым билік пен бұхара арасында алтын көпір қызметін атқаруда.

Ауданның жаңалығынан уақытылы хабардар болып, рухани байлығыңызды байытқыңыз келсе, өңіріміздің сөз жариясы «Созақ үніне» жазылыңыз!

Газеттің шығармашыл ұжымы оқырмандарға қызмет көрсетуге, сіздердің ой-пікірлеріңізді тыңдауға, басылым бетінде жариялауға қай уақытта әзір.

Жазылу индексі: 64450
Редакция арқылы жазылу-2500 теңге

Қазпошта мекемесі арқылы-2662,74 теңге.

Мекемелер үшін-3862,74 теңге.
«Ернұр Пресс» ЖШС арқылы-2730 теңге.



Чемпион атанған отандасымыз әлем үздіктерінің қатарын толықтырды

Қазақстан теннисшісі Бейбіт Жұқаев Шарлотсвилл (АҚШ) челленджер турнирінің бас жүлдесін еншіледі. Жағымды жаңалықты Қазақстан теннис федерациясы хабарлады.

Әлемнің 247-ракеткасы Бейбіт Жұқаев финалда дүниежүзілік рейтингте 376-орында тұрған 20 жастағы Эйдан Мейомен бас жүлдені сарапқа салды.

Бірінші партияда есеп 4:3 болған мезетте отандасымыз брейк жасай білді – 6:3.

Екінші сетте Бейбіт тағы бір брейк жасап, америкалық қарсыласын артта қалдырды – 4:2. Ақыры қазақ спортшысы матчты жеңіспен түйіндеді – 6:4.

Бір сағат 15 минутқа созылған бәсеке барысында Б.Жұқаев 11 эйс жасап, 5 брейк-пойнттың екеуін пайдаланды.

Осы жеңісінің арқасында Бейбіт үздік 200 теннисшінің қатарына еніп, Қазақстанның Александр Бубликтен кейінгі екінші ракеткасы атанады.

«Созақ үні» - ақпарат.

Су мәселесін шешуге арналған екі басқарма құрылады

Су ресурстары және ирригация министрлігінде жаңадан құрылатын екі басқарма көрші елдермен су мәселесін шешеді. Бұл туралы осы салаға жауапты министрліктің баспасөз қыз-

ма Қытай және Ресеймен тіршілік нәріне қатысты байланысты нығайтады. Қазақстандағы суармалы жердің 80%-ы оңтүстік өңірге тиесілі. Ендеше жер емген диқандардың суға деген зору-



меті хабарлады.

Су ресурстары және ирригация министрлігінің жанынан екі жаңа басқарма құрылады. Олардың бірі Орталық Азия елдерімен қарым-қатынас мәселелерімен шұғылдана, екінші басқар-

лігін тудырмаудың бір жолы – Орталық Азия елдерімен ынтымақтастықты жаңа деңгейге көтеру қажет. Сондықтанда жаңадан құрылатын қос басқармаға артылар жүк те салмақты болмақ.

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінде «Қазақстанның ақпараттық кеңістігінде медиа манипуляцияны тану және медиасауаттылықты дамыту әдістерін әзірлеу» жобасы аясында «Медиасауаттылық БАҚ мен манипуляцияға қарсы құрал ретінде» тақырыбында онлайн және офлайн форматта халықаралық ғылыми семинар болып өтті. Семинардың мақсаты, мүдделі тараптармен медиа манипуляцияны зерттеудің және Қазақстанда және одан тыс жерлерде медиа сауаттылықты дамытудың өзекті мәселелерін талқылау. Семинарға шет ел-



сарин атындағы Ұлттық білім академиясының вице-президенті, оқу бағдарламалар мен оқулықтардың авторы Қаратабанов Руслан. «Гуманитарлық білімнің пәнаралық парадигмасындағы сананы лингвистикалық манипуляциялау мәселесі» тақырыбында Ресей. Филология ғылымдарының докторы, профессор Радбил Тимур, «Әлеуметтік желілердің негізгі мәселесі кибербуллинг құрбаны болмау жолы. (Жасөспірімдермен жұмыс жасау бойынша ұсыныстар)» тақырыбында Шымкент қаласы. О.Жандосов атындағы жалпы орта мектеп директоры Сиқымбае-

Халықаралық ғылыми семинар өтті



дердің, еліміздің ғалымдары, педагогтар, студент-магистранттар қатысып отырды.

Аталған ғылыми семинарға арнайы спикер ретінде шақырылып, «Әлеуметтік желідегі ақпарат ағыны» тақырыбында баяндама жасадым.

Университеттің филология факультеті орыс тілі кафедрасы ұйыдастырған семинар үш тілде, яғни қазақ, ағылшын, орыс тілдерінде жүргізілді. Спикерлер әр елден болғандықтан баяндама жасап, сөз сөйлеу еркіндігі әр спикердің өз таңдауында болды. Университеттің «орыс тілі мен әдебиеті» кафедрасының меңгерушісі, жобаның аға ғылыми жетекшісі Қалдыкөзова Сандуғаш Еркінбекқызы халықаралық семинарды ашып, семинар жұмысына сәттілік тіледі. Семинар жұмысын филология ғылымдарының кандидаты, доцент, жобаның жетекшісі Шакенова Майгүл Төлегенқызы жүргізіп отырды. Семинарға студент-

тер, магистранттар қатысып отырды. Сонымен халықаралық семинар барысында «Жоғары білім беру жүйесінде медиасауаттылықты дамыту. Міндеттері мен шешімдер» тақырыбында Алматы қаласынан, филология ғылымдарының кандидаты, журналистік білім және медиасауаттылық жөніндегі сарапшысы Г.Асанбаева, «Манипуляция дегеніміз не?» тақырыбында Германия. Дрезден техникалық университетінің Славянтану институтының директоры Холгер Куссе, «БАҚ кеңістігіндегі қоғамдық сананы манипуляциялаудың заманауи мәселелері» тақырыбында М.В.Ломоносов атындағы ММУ. филология факультеті шет тілдері кафедрасының профессоры, филология ғылымдарының докторы Ирина Карабулатова, «Ақпараттық және медиасауатты ашып көрсету және білім мазмұнын дамыту» тақырыбында Астанадан. Ы.Алтын-

ва Жасұлу Әбдіразаққызы, «Интернет-технологиялардың қандық теорияларын ілгерілетудегі ролі» тақырыбында Павлодар қаласынан. Филология ғылымдарының кандидаты Аймағанбетова Марал, «Жаңалық мәтіндер корпусын қалыптастыруға, сараптамалық таңбалауға және жіктеуге мультиагенттік көзқарас» тақырыбында Астанадан. ҚР БҒМ А.Байтұрсынов атындағы «Талдау» білім беру саласындағы зерттеулер мен бағалау ұлттық орталығы АҚ Департаментінің директоры Ұлжан Оспанова. «Оқушылар мен жасөспірімдер арасында кибербуллингтің алдын алу» тақырыбында Шымкент. Лермонтов атындағы мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Жапбаркулова Салтанат Рахманбердіқызы, «БАҚ өкілдерінің көзімен манипуляция және медиасауаттылық мәселелері» тақырыбында «Время» газетінің журналисі Алиса Масалиева баяндама, хабарлама жасап, әр спикердің тақырыбына сәйкес ұсыныс пікірлер айтылып, сұрақтар ортаға салынды. Семинар соңында еркін микрофон. Студенттер, магистранттар ой пікірлерін айтыр, ұтымды ұсыныстарымен бөлісті. Халықаралық ғылыми семинарға қатысушыларға арнайы сертификаттар тапсырылды.

Нұржамал МАЙУСОВА.
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі.
Семинар спикері.

Партиялық бақылау

2023 жылдың 30 қазан күні Құмкент-Шолақорған жолына жүргізіліп жатқан орташа жөндеу жұмыстарына, «Аманат» партиясының Созақ аудандық филиалы жанындағы партиялық ба-

лып, қайтадан жаңадан асфальт жолдары салынды. Жол трассасы бойында пайда болған ой-шұңқырларға жамау жұмыстары сапасыз атқарылғандығы анықталды.

Құмкент-Шолақорған 39



қылау комиссиясының төрағасы Б.Тұрғанбаевтың, Созақ аудандық Қоғамдық кеңестің мүшесі Т.Жұмақовтың, «Шымкентдорстрой» ЖШС мердігер мекемесінің өкілдерінің қатысуымен бақылау жұмыстары жүргізілді. Бақылау барысында 2022 жылдың аяғында жүргізілген орташа жөндеу жұмыстары бойынша, жол бөлігінде сапасыз төселген асфальт төсемдері «AMANAT» партиясы Созақ аудандық филиалы жанындағы Партиялық бақылау комиссиясының төрағасы Б.Тұрғанбаевтың ұсынысымен қайта қыры-

шақырым автомобиль жолының орташа жөндеу жұмысына 1775,0 млн. теңге қаралса, оның 100,0 млн. теңгесі 2022 жылы игеріліп, 300,0 млн.теңге 2023 жылға қаралған. Қазіргі таңда жоспарланған асфальт төсеу жұмыстары толық аяқталмаған. Жол шетіндегі бекіту үшін төселетін қиыршық тастар сапасыз әрі толық төселіп бітпеген. Ескі асфальт жолдары қырылып, алынғанымен белгіленген кестеге сай жаңа асфальт төсемдері толық жүргізіліп бітпеген.

ТҮНГІ РЕЙД



Аудандық «Жастар ресурстық орталығы» КММ-нің ұйымдастыруымен рейд жұмыстары жүргізілді.

Мақсаты ауыл жастары арасында құқықбұзушылықтың алдын алу, жасөспірімдер арасында ерте жүктіліктің болмауын, жастардың зиянды әдеттерден аулақ

болуын қадағалау.

Ауыл дүкендерінде кәмелетке толмаған жастарға спирттік ішімдік, темекі тағы басқа зиянды заттардың сатылмауын қадағалап, дүкен иелеріне де ескертілді.

Тағайындау

Қорғаныс Министрінің бірінші орынбасары, Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері Бас штабы бастығының бұйрығымен 2023 жылдың 11 қыркүйегінен бастап, майор Кулумбаев Куанышбек Маусымбекович Созақ ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлім бастығы қызметіне тағайындалды.

Кулумбаев Куанышбек Маусымбекович – 1980 жылдың 7 қаңтарында туылған. Отбасылы. 4 бала-шағасы бар.

Әскери қызмет жолын 2012 жылы Шымкент қаласы қорғаныс істері жөніндегі басқармасының кадрлық бөлімінің аға офицері қызметінен бастаған. 2014 жылы Түлкібас аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлім бастығының орынбасары, әскерге шақыру және келісімшарт бөлімшесінің бастығы, 2017 жылы Төле би аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлімінде бөлім бастығының бірінші орынбасары, жұмылдыру бөлімшесінің бастығы, 2019 жылы Түркістан облысы қорғаныс істері жөніндегі департаментінің кадрлар және саптық бөлімшесінің бастығы қызметтерін атқарған.



ЖАС ӨРЕНДЕР ӘСКЕРГЕ АТТАНДЫ

Әскер қатарында қызмет етіп, Отан алдындағы парызын өтеуге әрбір азамат міндетті, себебі туған жерді, елді, атамекенді қорғау – қасиетті борыш.

Өткен аптада Созақ ауданы Қорғаныс Істері жөніндегі бөлімінде жылдағы дәстүр бойынша Отан алдындағы азаматтық борышын өтеуге аттанып бара жатқан болашақ сарбаздарды салтанатты түрде шығарып салу рәсімі өтті.

Тәрбиелік мәні зор шараға аудан әкімінің орынбасары Қ.Оразов, майор Қ.Құлымбаев, ауыл ардагерлері, «Аманат» партиясының өкілдері, әскерге шақырылғандардың ата-аналары, түрлі



қоғамдық бірлестіктердің өкілдері, аудан тұрғындары қатысты.

Салтанатты шарада аудан әкімінің орынбасары Оразов Қалдыбек Әбілдаұлы сөз сөйлеп, аудан әкімдігі атынан болашақ сарбаздарға

сыйлықтар табыстады.

«Айбын» әскери-патриоттық клубы мен «Мыңжылқы» мәдениет үйінің талантты жастары әскерге аттанушы жастарға арнап өнер көрсетті.

«Созақ үні»-ақпарат.

Саяси егемендігін алған елдің экономикалық тәуелсіздікке ие болуында бұрын Кеңес Одағының рубльдік аймағында тіршілік кешкен Қазақстан үшін өзінің дербес қаржылық-экономикалық саясатын құруы жолында теңге көтерген жүкті ештеңемен салыстыруға келмейді. 1993 жылдың 15 қарашасында Қазақ елі рубльге құрылған экономиканы тәркі етіп, теңге қолына тигенде толқымаған жан аз. Бірақ андағайлаған әлемде, пайызға шаққанда өз ұлтының адамдары азшылықтағы жаңадан ғана тәуелсіздігін жариялаған жас мемлекет үшін оған бару ауадай қажеттілік екені анық ұғынылғанмен, бұл тәуекелі мол қадам болатын.

—Бүгінгі күннің ертеңгі тарих екен—



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКИ АСТАНА ҚАЛАСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

лік ғарыш айлағы тұрды. Егер біз Балтық бойындағы елдер секілді КСРО-дан қалған мұраны тегіс бөлеміз десек, оның соңы немен аяқталатыны да белгісіз... Сондықтан, ең бірінші мақсат теңгені шығару керек, одан кейін теңгені бағамын айқындайтын басқа да мәселелерді, инфрақұрылымдарды құру қажеттігі өте өзекті болды. Қорының бір тармағы электронды биржа ашу, банкнот жасайтын фабриканы, теңге сарайын ашу, алтын және валюта қорын жасау мен оны сақтайтын мемлекеттік сақтау қоймасы қажеттігі анық еді. Осылайша ең алдыңғы кезекке шығатын 5 мәселенің тұрғаны айқындалып, оларды шешу жолдары іздестірілді. Ал

Теңге-тәуелсіздіктің төл перзенті

дігіне шүбә жоқ. Алайда көп жағдайда оған мән беріп, бажайлап жатпайтынмыз тағы рас. Ал өткен ғасырдың 90-шы жылдарының басында ұлттық валютаны енгізу жөнінде жұмыс басталғанда Созақ аудандық қазынашылық басқарма басшысының орынбасары Зибә Әбдіқадрқызы ел үшін нағыз тарихи істердің басы-қасында жүргендердің бірі болатын. Сондықтан мойынға артылған жүктің жауапкершілігі де бөлекше болған шығар? — Әрине, араға қанша жылдар түсіп, сынаптай сырғыған уақыт өз ырқына бағындырып, теңгенің тарихқа жол салғанына қаншама мезгіл өтіп кетсе де ол күндер де, сол істі бірге атқарысып, ыстық-суығына көніп, тынбай еңбек еткен жандардың бірі. Жылжып өткен уақыт биігінен қарағанда да, сол кезеңмен өлшегенде де теңгені еліміздің тарихынан бөліп алып қарай алмайтынмыз анық, оның қажеті де жоқ. Ал теңгенің өмірге келуі — тарихи оқиға. Теңгеміз — экономиканың басқару құралы. Сондықтан сол кезеңде халықтың басынан өтіп жатқан жағдайды, тұрмысының деңгейін, еліміздің экономикалық хал-ахуалын қосып қарастырып қана теңгенің тууы жайлы айта аламыз. 1985 жылдан бұрынғы Кеңес одағында тоқырау басталды. Мұнайдың халықаралық нарықтағы құны 10 долларға дейін түсіп кетті. Осыған байланысты Одақ көлемінде толып жатқан экономикалық реформалар жүріп жатты. Ал банк саласындағы реформалар 1987 жылы басталды. Сол кезде мемлекеттік банктен бөлініп, түрлі сала үшін қажетті деген банктер құрылып, Қазақстанның Агробанкі, Әлеуметтік жинақ банкі, Құрылыс банкі, Бұрынғы Сыртқы экономбанк негізінде «Әлем» банкі тәрізді түрлі мемлекеттік банктер өмірге келді. 1991 жылы желтоқсанда үш славян мемлекеті қол қойған Беловежье келісімінен кейін Кеңес одағы құлады, жаңа дәуір басталды. Дегенмен, Кеңес өкіметі келместің кемесіне отырып, өз нәпақасын тауысқанмен, біз Мәскеуге жалтақтап, олардың ақшасына байланған, тұсаулы аттай

кібірттік күйде болатынбыз. Оның үстіне, экономикалық тұрғыдан 1985 жылы күшейе түсіп Одақтың құлауына әкелген дағдарыстың ауыр кезеңдері де өтіп жатты. Жалпы біз тәуелсіздігіміздің 32 жылы ішінде үш экономикалық дағдарысты басымыздан кешірдік. 2008 жылы басталған соның соңғысы әлі жалғасу үстінде. Ал біздің тәуелсіздік жариялағаннан кейінгі 1991-1993 жылдарға жалғасқан дағдарыс соның ең бір ауыр тұсы еді. Міне, осы кезеңдер әлемдегі өзге мемлекеттерге оңай тимей жатқанда, керегесін енді ғана жаямын дегенде жел тұрып, шаңырағын тіктеуге мұрша бермейтіндей жағдай дәл біздің басымызда болды. Ұлттық банкті шын мәнінде қайта құру қажеттігі туғаны айқын еді. Соның алғашқысы дербес ақша-қаражат саясатын жасап, тәуелсіз банк жүйесін құру болса, екіншісі— осыған орай ұлттық валюта шығару, үшіншісі, ақша-қаражат мәселесіне байланысты жаңа инфрақұрылым жасауға негізделді. Ал осы мақсаттарды өмірге келтіру ұшы-қиыры жоқ, ауқымы өте кең, көп уақытты керек ететін шаруалар болатын. Кеңестік біртұтас экономикалық жүйедегі байланыстар бырт-бырт үзіліп, балапан-басына, тұрымтай — тұсына дегендей, сол бір кезеңдерде өзіміздің ақшамыз да жоқ, кісидегінің кілті аспанда демекші, Ресейге қарап жалтақтап отырған заман еді. Қазақша айтқанда ақшаның құлпы да, кілті де солардың қолында еді. Оның үстіне Ресей Президенті Борис Ельцин, Егор Гайдар бастаған бір топ жас экономистерге үміт артып, үкімет тізгінін солардың қолына ұстатты. Олар болса, бағаны өркіне жібере салды. Сұрапыл инфляция дауылы көтеріліп, тұтыну бағасының өсу деңгейі 1991-1993 жылдары 5573 пайызға жетіп, бар-жоғы үш жылдың ішінде баға 55 есеге өсіп кетті. Бұл ең керемет деген кәсіпорындардың өзі көтере алмайтын соққы болатын, жалпы экономикаға жалпылама банкроттық қауіп төнді. Міне, осыған байланысты келесі үлкен мәселе — экономиканың ауыл-шаруашылық және өндірістік әлеу-

етін сақтап қалу міндеті тұрды. Бәрімізге белгілі, ол уақытта бізде алтын-валюта қоры, ұлттық қор жоқ болатын, үкімет қауқарсыз, бюджет дефицитті, ал екінші деңгейдегі банктер қаражаты мардымсыз, халықаралық ақша нарығы біздер үшін жабық еді. Осындай жағдайда Ұлттық банктен басқа экономикаға көмек беретін сала қалмады. Ұлттық банк өзінің заңды функцияларын пайдаланып, дербес кредит саясат ұстанымын іске асырып, екінші деңгейдегі банктер арқылы ірі өндіріс орындарына, ауыл шаруашылығына арнаулы дерективті кредиттер беріп, экономиканың негізін, алдағы реформалар үшін оның әлеуетін сақтап қалу шарасына үлкен үлес қосты. Жоғарыда айтып өткенімдей, дағдарыстың қайсысы да жақсы емес, ал Кеңес өкіметі құлаған соң болған дағдарысты кейінгілерімен тіпті салыстыруға да келмейтін. Өйткені, 1990 және 95-ші жылдар аралығында біздің Еліміз экономиканың 42 пайызынан айрылды. Өндіріс орындарының 52 пайызы тоқтап қалды, ауыл шаруашылығының 49 пайызы жоғалды. Міне, осының салдарынан мыңдаған адам жұмыссыз қалды, халықтың күнкөріс жағдайы аса төмендеп кетті. Жандармен, қысылтаяң шақ. Біздің үкімет қалайда рубль аймағында қалуға ұмтылып, 1992 жылдың басынан 1993 жылдың қазан айының соңына дейін Ресеймен жаңа рубль аймағын құрамыз деген мақсатпен көптеген келісімдер жасасты. Бірақ мұның барлығының уақытша екені, өз валютамыздың қажеттілігі туындайтыны басы ашық мәселе-тұғын. Сол кезде банк Президентке емес, Жоғарғы Кеңеске бағынатын. Президенттік институттың енді ғана орнап жатқан кезі. 1992 жылдың басында Мемлекет басшысы ұлттық валютаны өндіруге даярлықты өте құпия түрде бастау керектігі туралы міндет қойды. Шынында, біздің еліміздің жағдайын өзгелермен салыстыруға мүлдем келмейтін. Қазақстан аумағында атом қаруымен жарақталған Ресей армиясы, олардың әскери 12 ресейлік банкісі, Байқоңырда ресей-

бұларсыз теңгені енгізуге мүлде болмайтын. Қол қысқа, қаражат аз болғандықтан теңгені енгізу мәселесінде үлкен жоспар жасалған. Алдымен қайта құруды Ұлттық банктің өзінен бастап, алтын мен күмістің резервін қалыптастыру үшін оны қазып алудан бастап сатуды монополиялап, бұл кәсіпорындарға арнаулы кредит берілген. Ол кезде елімізде жылына 6 тоннадай алтын, 650-700 тоннадай күміс шығарылатын.

Теңгені қалай шығарамыз, оның жалпы аты, түрі, номиналдары қалай болады деген оймен әлемдік тәжірибеге зерделеп жүрген кезеңдер өткен. Алайда, Қазақстан Ұлттық банкі ұжымының іскерлігінің арқасында банктің өз кірісі есебінен 1993 жылдың 1 шілдесіне дейін ақша нарығы нысандарының барлық инфрақұрылымы құрылып, жұмыстар толығымен аяқталды. Олар: Электронды валюта биржасы, Теңге (Монета) сарайы, Банкнот фабрикасының бірінші кезеңі, Алтын валюта қоры, Мемлекеттік валюта қоры мен қымбат бағалы металдарды сақтау қоймасы, Қазақстанның ішкі және сыртқы төлем жүйесі болатын.

Теңге деген атауға қалай тоқтам жасалды? —Валюта шығару қажет деп тарихты ақтарғанда, біздің жерімізде болған түркі нәсілді мемлекеттердің ақшасы болғанын, олардың металдан құйылған ақшалары теңге аталған. Орыстың «деньги» деген сөзінің түбірі де осы. Археологтар ең ежелгі ақша белгілерін Отырар, Тараз, Түркістан, Баласағұн және Қазақстанның тағы басқа да көне қалаларын қазу барысында тапқан. Демек, біздің тарихымыз үшін теңге атауы — төл дүние. Президент «теңге» деген ұсынысты дұрыс көрді. Содан соң, 1992 жылы желтоқсан айында теңге қол қойылып, ол өндіріске жіберілді.

Эльвира МАМЕДАЛИЕВА,
Түркістан облысы бойынша
қазынашылық департаменті
Созақ аудандық қазынашылық
басқармасының басшысы.

БІЗ СҮРІП ЖАТҚАН ӨМІР ТЫМ КЕРЕМЕТ

Созақ аудандық «Жастар ресурстық орталығы» КММ-нің ұйымдастыруымен Гани Мұратбаев ЖОМ оқушыларына өзекті мәселелердің (өз-өзіне қол жұмсау, құқық-бұзушылық аутодеструктивті мінез құлық, ертежүктілік сонымен қатар зиянды әдеттердің) және деструктивті діни ағымдардың алдын алу мақсатында кездесу өткізілді.

Мақсаты: өз міндеттерін, құқықтарын түсіндіру. Қоғаммен және өзара қарым-



қатынасындағы жарақатынасының ерекшеліктері сенімді мінез-құлқыңдарың қалыптастыру.

Оқушыларды өз ойларын нақты ортада ашық айтуға дағдыландыру. Өздерін қорғай білуді үйрету. Діни мағлұматтарды түсіндіру.

Созақ аудандық «Жастар ресурстық орталығы» КММ-нің

психолог маманы мен теолог маманы оқушыларға түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

Сонымен қатар, мамандар жасөспірімдерге психологиялық ақпараттар мен зиянды әдеттер туралы және деструктивті діни ағымдардың алдын алу бойынша оқушыларға түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Қызықты сергіту сәті өткізіліп, оқушылармен кері байланыс жасалды.

«Созақ үні»-ақпарат.

ҚАРЛЫҒАШ ҚАНАТТЫ ЖАН АҒА

Қазыбек ағамның үйінің қақпасының алдында тұрмын. Ауырғалы біраз уақыт болған. Алғашқы келгенімде қуанып, Алмара апайға «қазан көтер, ет ас!» деп әмір беріп қалбалақтап қалған еді. «Аға, шаруаларым бар еді. «Шәй ішсек те жарар еді» деп рұқсат алған едім. Одан бері жарты айдың жүзі болды. Реңі қалай екен?—деп қобалжыдым. Қатты ауырып жатқан кейбір кісілер үйіне жағдайын сұрап келген адамды жақтыра бермейтінін білетін едім. Сондай жағдай болып, ол кісіні әлсіретіп алам ба?—деген ой қаумалаған еді. Сонда да болса бірнеше күннен бері ниеттеніп жүрген соң кіріп шығайын дедім. Алмара апай қарсы алды. Намаз оқығалы жүр ме, қолыңда бүктеулі жайнамазы бар екен.

—Мақсат, мен шай қоямын. Сен ағаңмен әңгімелесе бер. Таңертеңнен бері жазған дүниелерін шашып, қайта жинастырып бірдеңе істеп жатыр,— деп Қазыбек ағамның бөлмесін иегімен көрсетті.

Ағамның рең басы тәп-тәуір. Жаман емес. Тек аздап еті сылыныпты. Тез шаршап қалатындай сезілді. Менің келгеніме балаша қуанып маз болып қалды.

—Мақсат келгенің дұрыс болды. Ақылдасатын шаруалар бар. Газетке біршама дүниелерімді жариялауға берсем деп жүр едім,—деді. Әкем туралы естеліктерімен бөлісті «Кірем де амандасып шығамын» деген жоспарым асыра асылық болыпты. Алмара апай мен келген сәтте-ақ қазанға ет салып қойыпты.

Газетке шыққан өлеңдерін, кітапқа басылғанын, әрі жарық көргендерін бір бөлек, шикі дүниелерін бір бөлек реттеп жатыр екен. Не керек таңертең сағат 10-да барған мен көшкісін бір-ақ қайттым.

Қазыбек ағам екеуміз көп әңгімелестік. Бірақ әңгіме ауанында бүгінгі пәни жалғанмен қоштасқысы келетін бір жұмбақ күш білініп тұрғандай болды.

«Мына өлеңдерімді реттеп жатырмын. Баспаға басылатынын бір бөлек, басылғанын бір бөлек. Ертең балаларым жаңылысып жүрмесін деп» деген сөзінің өзі былайша қорқынышты еді. Арада біршама уақыт өткенде көршісі, әрі ауылдас інісі Нысанбаев Жаңабек қайтыс болғанда Қазыбек аға өзі әрең жүрсе де келіп жаназасына келіп, қатарда тұра алмаса да аз кем уақыт отырып қайтты.

Туған жерім қойнауыңның гүлі едім.

Бауырыңда бой түзедім, түледім. Қасиетті ата қоныс мекенім, Саған мәңгі байланған пәк жүрегім, Туған жерім аяладың, тербеттің, Құшағыңда қанат қақтым, ер жеттім,

Жетпейді екен топырағыңа бір уыс,

Бар асылын жисамдағы жер көктің—деп жырлаған ақынның «пәк жүрегі» туған жердің бір уыс топырағына шомылып мәңгілік сапарға жолаушылап кете барды. Ақынның өзі де, жазған дүниелері де мәңгі өлмейді. Мәңгілік! Бұл дүниеде тірілердің арасында жүреді. Сол өлең гой о дүниедегі ақынды бұл дүниедегі тірі оқырмандармен байланыстырып тұратын. Қазыбек аға мықты сазгер, талантты жазба және арқалы айтыс ақыны, әншілік қыры да бар сегіз қырлы бір сырлы азамат болатын. Қазыбек ағамның сүйікті жары-Алмара апай өте сабырлы, салмақты, салихалы, көргені мен естігені, ұғынғаны мен ұққаны мол, көзі ашық, көкірегі ояу, азаматын ардақтай, сыйлай білетін жолдары жіңішке жандардың бірегейі. Кез келген кісімен сөйлескенде адамды бірден өзіне баурап алатын табиғи қасиеті бар, қазақтың қарапайым қызы. Аудандық орталық кітапхана-



сында зейнеткерлік жасқа жеткенше халыққа қалтқысыз қызмет етті. Одан еңбек демалысына шыққан соң имандылық жолына түсті. Көп нәрсеге тиымдылық танытты. Иман кәлимаға келтіріп бес уақыт намазын жанына серік ете білді. Кезінде орталық кітапханада қызмет етіп жүргенде Алмара апайдан оқымаған кітап қалмаған шығар.

Ақын-сазгер Мыңжан Қазыбек Іңкәрбекұлы 1950 жылы 10 сәуірде Оңтүстік Қазақстан облысы, Созақ ауданының Қарағұр ауылында туылған.

1966 жылы орта мектепті бітірген соң Шымкент мәдениет институтының мәдени-ағарту жұмысы факультетін бітіріп, мәдени-ағарту қызметкері және ұлт аспаптар оркестрінің

ниет, жастар ісі бөлімінің меңгерушісі қызметтерін атқарды.

2003 жылдан бастап А.Жұбанов атындағы аудандық балалар саз мектебінде дәріс беріп келді.

Қазбек аға шығармашылықпен мектеп қабырғасында жүрген кезінен бастап айналысқан. Өзінің айтуы бойынша 5-ші кластан бастап өлең жаза бастаған. 1964 жылы 9-шы сыныпта оқып жүргенде оның алғашқы «Бала арманы» атты өлеңі ұстазы Якуда Амандықовтың алғы сөзімен аудандық «Молшылық үшін» газетінің бетінде жарияланады. Содан бастап оның өлеңдері алдымен аудандық, кейіннен облыстық, республикалық газет-журналдарда жарық көре бастайды.

1978 жылы Ленин комсомолының 60 жылдық мерейтойына орай ауданда ұйымдастырылған «Жастық жалын» атты жыр бәйгесінде оның «Елімнің Ерлік жүрегі» атты публицистикалық толғау-монологы бас бәйгеге ие болды. Бірнеше рет облыстық жыр мүшәйрасында жүлдегер атанды.

1995 жылы «Жалын» баспасынан шыққан ұжымдық «Қарлығаш» жыр жинағына бір топ өлеңдері енді. Сол кітаптың алғысөзінде белгілі ақын Есенбай Дүйсенбаевтың Қазыбек ағамның өлеңдері жайлы жақсы пікірлері айтылған. 2001 жылы Алматыдағы «Шартарап» баспасынан «Жүрек жылуы» атты өлеңдері мен толғаулары, дастандары топтастырылған жеке кітабы жарық көрді. Басқа да баспалардан шыққан топтама жыр жинақтарына көптеген өлеңдері енген.

Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Қазыбек Мыңжан ақындығымен қоса сырлы әуендерді аялап жүрген сазгер. Алғашқы «Қайдасың менің Баяным» атты әні (сөзін жазған Жеңіс Қарғабаев) кезінде ауыл жастарының сүйіп тыңдайтын әніне айналды. Қазы аға 50-ден аса әндер мен толғау-термелердің авторы. 1996 жылы облыстық сазгерлердің «Үкілім-ай» атты телерадио конкурсында ынталандыру сыйлығын алса, 1998 жылы үшінші орынды иеленді. «Облысқа сіңірген еңбегі үшін» медалінің иегері.

Қ.Мыңжан өзі ән шығарумен бірге басқа да сазгерлердің 70-тен аса әндеріне мәтіндер жазған. Оның ішінде сазгерлер Әшір Молдағайынов, Марат Омаров, Жанғали Меймандосов, Сейдалы Тұрғынбаев, Лесбек Аманов, Пернебай Иманқұлов, Қызырәлі Ахметов, Махмұт Балаубек, Әділбек Нысанбаев, Жанғали және Ерғали Жүзбаев, Назбек Байтуаров және тағы басқа сазгерлер бар. Марат Омаровпен бірге жазған «Мектебім» әні кезінде бүкіл республика оқушылары шырқайтын әнге



дирижері мамандығын алып шықты. Сол жылдан бастап Қарақұр, Ф.Мұратбаев, Ы.Алтынсарин атындағы орта мектептерде мұғалім, аудандық «Молшылық үшін» газетінде алты жылдан аса тілші, ауыл шаруашылығы бөлімінің меңгерушісі, аудандық білім бөлімі жанындағы әдістемелік кабинетте әдіскер, аудандық «Қазақ тілі» қоғамының хатшысы, төрағасы болып еңбек етті. 1993 жылы аудандық Кеңестің депутаты болып сайланып, халық депутаты болып сайланып, халық депутаттары Созақ аудандық Кеңесінің мәдениет, халық ағарту, денсаулық сақтау, жастар ісі жөніндегі тұрақты комиссиясының төрағасы. Созақ аудандық мәслихатының ұйымдастыру-құқық бөлімінің меңгерушісі, аудандық мәдениет бөлімінің бастығы, аудан әкімшілігі ақпарат және мәде-

айналды. Сондай-ақ әнін Марат Омаров жазған «Бақ құсым» әнін «Мұзарт» тобы келістіре шырқайды. Сазгер Әділбек Нысанбаевпен бірге шығарған «Қызыл гүл» әнін атақты әнші, термеші Татьяна Бурмистрова орындап жүр. Қазіргі кезде көпшілік сүйсіне айтатын сазгер Пернебай Иманқұловтың «Жан аға», сазгер Айтжан Нұрсейітовтің «Созақ деген елім бар» әндерінің мәтіндерін жазған да Қазыбек Мыңжан. Ақын сөз жазған Сейдалы Тұрғынбаевтың әні «Ақгүлімді» атақты әнші Гүлнар Сикымбаева келістіре шырқайды.

Қазы аға жазба ақындығымен қоса айтыскерлік өнері де көпке танылған. 1982 жылы қызылқұмдық Әселхан Қалыбековамен айтысып, Қазақстанның болашақтағы халық ақынының алғаш тұсауын кескен. 1986 жылы шардаралық Уәли Ысқақовпен, ордабасылық Әбдіхалық Әбдірайымовпен ақтықсында сөз жарыстырып бас бәйгеге алды.

Қазбек Мыңжан оқушыларға эстетикалық, музыкалық тәрбие беруде білім мен тәжірибесін жұмсай білген білікті ұстаз болатын. Ол аудан мұғалімдерінен «Тәлімгер» атты ұлттық ансамбльдің құрылуына ұйытқы, жетекші болып халықтық өнерді насихаттауда белсенділік, іскерлік танытты. Ауданда құрылған «Созақ сазы» ұлттық оркестрінің республикалық теледидардан өнер көрсетуіне оның репертуарына шертпе күй шеберлері Сүгір мен Төлеген Момбековтың күйлерінің енуіне де өз үлесін қоса білді. Яғни, Қазыбек Мыңжан жазба және айтыскер ақын, сырлы сазгер, журналист, әрі ұлттық аспаптарда шебер ойнай білетін бес-аспап жан болатын. Жарықтық көзі тірісінде өнегелі отбасы иесі, 8 ұл-қыз тәрбиелеп өсірген ардақты әке, немерелерінің ардақты атасы атанды.

Қазыбек аға құдайдың берген ғұмырын бос селтең, мағынасыз, мәнсіз өткізген жоқ. Бүгінде Ескермес ақын да, Өскен ақын да, Қазыбек ақын да жоқ. Оларға ақындық жолда аға, пенделік жолда замандас бола білген Жеңіс ақын да жоқ. Бірақ олардың жазып, сызып қалдырып кеткен мол мұралары бар. Іздеуші ұрпақтары бар. Оты мен ошағы бар. Жандарына жақын болған жан жарлары, басы бүтін бауырлары, қалың орман қараша жұрты, алақандай аяулы ауылы бар.

Қазыбек ағамның қайраттылығы ма, жігерлілігіме, жоқ әлде өмірге деген құштарлығы ма, әйтеуір дертке мойыған жоқ. Бойынан күш кеткенше қолынан қаламын тастамады. Қазыбек ағамен соңғы мәрте жүздесіп, әңгімелескенде біреуге деген ренішін, өкпесін, кейбір ақындарға тән міндетсіну, өмірден түңілу, мұң шағу сияқты жат қылықтарды естіп, көре алмадым. Нағыз ақынға тән пайым парасатпен, адами ақыл сапамен өлімді тік тұрып қарсы ала алды.

Іңкәрбек көкемнің шаңырағына түскен қайғы аз болмады. Қантай аға, Арқарбек аға, Қазыбек аға, Айдарбек ағаларымыз пәни жалғаннан ақиқи өмірге асыға аттанып кете барды.

Ендігі тәңірден тілейтініміз қалған бауырларына, балаларына, немерешөберелеріне Алла ұзақ ғұмыр берсін.

Баршамыз болып Қазыбек ақынның еске алу шығармашылық кештерінде, ол кісінің есімін ел есінде қалдыру үшін жасалатын ұлықтау шараларында бәріміздің басымызды дін аман көруге жазсын! Қараша елі, қара нөпір оқырманы бар да Қазы аға мәңгі тірі!

Қара өлеңнің қара нары Қазақтың Қазыбегі, жатқан жерің жайлы, топырағың торқада болсын!

Мақсат ҚАРҒАБАЙ,
Қазақстан Журналистер
одағының мүшесі.

1992 жылы жаз айында Еңбек Қызыл Ту орденді Алматы зооинженерлік малдәрігерлік институтын бітіріп елге оралдым. Үйдегілер де малдың жем-шөбінен қысылып отыр екен. Оны мен қорадағы азын аулақ жем-шөп қорынан байқадым.

Совхоздың №3 фермасындағы Серік нағашымның малына бес-он тұяқ малымды қосуға өзінен рұқсат алып, соны жексенбі күні айдап апарамын деп уәде етіп едім. Таңертең үшінші ферманың малы жайылатын Алмалы Итмұрынды сайды бетке алып келемін. Жаз айы жаймашуақ әне-міне дегенше сүт пісірім уақытта сайға да түсіп, Алмалыға кірдім. Әрине, бес ешкіні жаяу айдап келемін. Мініс көлік қайдан болсын. Серік нағашым да үйінде екен. Малды көп отарға қосып, енді бұрылып үйге беттей бергенде ферманың зоотехнигі мен мал дәрігері осы (Орынбасар ақын) екеуі келе сала малды санап, менің қосқан малым-

Кешкісін біз шаршаймыз. Табиғаттың бермегенін алам деу күпірлік екенін білеміз. Амал жоқ тапсырма солай. Кешке далаға жатамыз. Бір жолы тамақ ішіп болып келіп төсегіме жата бергенімде жалаңаш арқама мұздай нәрсе тиді. Атып тұрдым. Қараңғы түсіп кеткен. Төсегімде оратылып жылан жатыр. Зәрем зәр түбіне кетті. Сөйтсем арқан екен. Орекең суға салып менің төсегіме салып қойыпты. №1 ферманың зоотехнигі Асқар Түбекбаев та жыланнан жаман қорқады. Ол кісіні де бір рет қорқытып, бір орнында тұрып секіртіп, басын есіктің қырына ұрып алып өліп қала жаздаған. Орекеңнің осындай ойында-ры болатын.

Орынбасар ақын сол уақытта қойын дәптеріне шимайлап әлдебір шумақтарды жазып жүретін. Әрине, қанмен келген, туа бітті ақын дей алмаймын. Алайда талаптың атына мініп, таланттар қатарына аяқ артып



Орекең өлең өлкесіне алпысында белді бекем буып келді. 18-25 жас аралығындағы жастық жігер мен ой, шабыт, қайтты. Әрине 60-пен салыстыра алмайсыз. Бірақ көңілдің жастығы, ақыл тоқтатып, сабыр мен салиқалы пікір айтуда керек шығар. Орекеңнің тағы бір қасиеті емшілік жасау.

-Мен көп жылдардан бойымдағы биотоктың күшімен жас баладан бастап, ауру меңдеген көптеген адамдарды емдеп олардың ауруынан айыққан кезіндегі көздеріндегі қуаныштарды көріп, соларға дән риза болатынмын. Ол жайында газетке шыққан материалдарым куә. Тағы да бір қабілетім 51 жасымнан бастап, өлең жазу қасиетім ашылып, бір кітабым жарыққа шығып, оқырман игілігіне ұсынылса, алдағы уақытта тағы да бір кітабым жарыққа шыққалы тұр,-дейді Орекең өзінің емшілік қасиеті туралы емен-жарқын ой-пікірін ортаға салып. Әри-

Сағыныштар сағым жырға айналдыр...

Ақын, еңбек ардагері Орынбасар Қасенұлы 70 жаста

ды бөліп тастады. Ары айтсам көнбейді, бері айтсам көнбейді. «Әрпінсез боламыз». «Жақында жұмысқа орналасам қайтып бөліп аламын». «Жазды күні жем-шөп шығын болмайды. Совхоздың малымен бірге жайылады. Үйде қарайтын адам болмай тұрғанын» айтсам екеуі де бықпайды. Бірінен бірі өтіп жолатар емес. Содан амалсыз бес ешкімді бөліп алып 7-8 шақырымға кері айдап қайттым. Орынбасардың сол бірбеткей бет жүзі менің есімде сол күйінде сақталып қалыпты. Ойлап қарасам олда болса өзі ісіне деген жауапкершілігі шығар. Кейін 50-ден асқанда өлең өлкесіне келіп, 60 жас-тан асқанда ақын болды. Ақындық қасиет біреуге ерте, біреуге кеш келеді. Ол да бір көл таңдаған көкқұтан сияқты. Жалпылдап әр тоғанға бір қона бермейді екен.

Орынбасар ақынмен екінші рет кездесуім Бетпақ далада бірге далалық селекциялық жұмыстар жүргіздік. Бұл 1993 жылдың жазы, дәлірек айтқанда шілде айы, Бетпақта Сарысудың бойында Ахмет Ишан кесенесінің түбінде дәрімен кәрі қойды қашырдық. Орынбасар ақын №3 ферманың мал дәрігері, мен №2 ферманың зоотехнигі болып істейміз. Былтырғы екпін ұмыта қойған жоқпын. Ішімдегі мұз еритін емес. Содан күндіз кәрі қойларға ақ ұнтақты құрама жемге араластырып береміз. Байғұс қойлар күйлейді. Қошқарда күш жоқ. Күн ыстық. Сол баяғы кеңестік идеологиялық қасиретін төрт аяқты мал екеш мал да тартып жатыр. «Бермегенді тартып аламыз». «Адамзаттан күшті ештеңе жоқ». «Құдай жоқ. Адамның өзі құдай» деген қасаң идеология лаулап тұрған уақыт. Кешке дейін қошқар да, қой да шаршайды.

келеді. Кейде бір ақындар «мұшайрада маған орын бермеді», «газетке өлеңімді баспай жатыр?» деп өкпелеп жатады. Мұшайрада орын алу үшін, газетке жариялау үшін алдымен өлеңі төрт аяғы тең туынды болуы керек. Ал ол туындыны кім жазады. Өзің жазасың. Сол себепті кінәні алдымен өзіңнен ізде. Сызған, жазған өлеңнің ол сенің өнімің. Ал өнімің нашар болса, оны тұтынушыға (оқырманға) қалай өткізесің? Орынбасар ақында ондай міндетсіну жоқ. Туа бітті қарапайымдылығы басым. Орекеңнің көп өлеңдері әйелі Орынкүлге арналған. Сүйген жарына үйленгенше ғашық болып еді. Әлі ғашық болып келеді. Не деген махаббат. Әнші, сазгер, марқұм Ескендір Хасанғалиев шырқайтын «Ескірген махаббат!» деген осы шығар.

Мөлдіреген тұнық қара көздерің,
Ынтық болған сағынышты көздерім.
Тағдырым, махаббатың кірпіңде,
Уақыт жылжып өткенін де сезбедім.

Жырақ кетсең өзіңді сағынамын,
Сағыныштың жүрекке салып әнін.
Сезімің маған деген өшпесін деп,
Қиялымда теңеу іздеп сабыламын,-деп жүректарды ынтызарлығын білдірсе, енді бірде:

Табиғаттың заңына біз бағынып,
Жүрегіміз нала-мұңнан арылып.
Нұр шашқан жанарыңа қарағанда,
Көңілімде қалар сәтің жазылып.

Сан мәрте өлең жазып ақ параққа,
Жыр періште кетті алып шар тапарқа.
Сені сүйген жүректің қалауымен,
Арнадым жырларымды махаб-

батқа,- дейді ақын сезім көліне шоғылып.

Орынбасар ақын «Сағым жырға айналдым» деген өлеңінде:

Жыр болып келешекке жалғанармын,
Шыңдардай биік әлі жыр болармын.
Мен өлгенмен өмірден жырым өлмес,
Сағынышты сағым жырға айналармын,-дейді.

Ақынның айтпағы адам өлгенімен оның жасаған еңбегі, жазған дүниесі, хатқа түскен ойларының мәңгі өлмейтінін айтып отыр.

Тағдырға өкпелейін несіне мен,
Ырыздық алып жүрген несібем ем.
Қатал тағдыр қоясың анда-санда,
Тәлкегіңе саласың не етіп ем?!-деп кейде бұлтты, бұралаңды жолдарында өмірге, тағдырға мұң шақырасы келеді.

Осылайша қаншама рет сынамақсың,
Қарсы тұрар сынға да амал таптым.

Сынауа Алла берген аз ғұмырда,
Көңілді жырыммен жұбатамын,-деп сабырға сенім артады.

Өмір көші тоқтаусыз алға жылжып,
Бес күн жалған басыңнан өтер сырғып.

Төрт құбылаң қалайсың тең болғанын,
Талқы тағдыр қаласа алар сығып.

Сұрамайды пендеден тәңір Алла,
Өтінемін өзіңнен пейілімді алма!
Өмірім бақыт, қайғы мұң аралас,
Мен қанағат етемін қолда барға,-дейді ақын қарымынан қанағатын, пендеден адам атын жоғары қойып. Иә, ақын жырлары осылай тізбектеліп, оқырмандары ой салып келеді. Өлең жазу, ақындық турасында ерте, кеш деген болмайды. Бірақ

не, ол да Құдайдың берген қасиеттерінің бірі шығар. Оңалбаев Орынбасар Қасенұлы 1953 жылы Ащысай поселкесінде дүниеге келген. 1970 жылы аудандағы Фани Мұратбаев атындағы орта мектепті бітіріп, өзінің еңбек жолын екі жыл құрылыс мекемесінде құрылысшы болып қара жұмыстан бастайды. Коми елінде әскери борышын өтеп келген соң, Жамбыл зоо-малдәрігерлік техникумында оқып, мал дәрігері мамандығы бойынша білім алады. Одан «Шу» елді мекенінде мал дәрігері, «Сызған» совхозында комсомол ұйымының жетекшісі, кейінен мал дәрігері болып етеді.

1997 жылдан «Қазатөмөнеркәсіп-Қорған» ЖШС-де күзетші, Таукент кенті әкімдігінде мал дәрігері болып жұмыс жасайды.

2016 жылы шілде айында зейнеткерлік демалысқа шығады. Отбасында жұбайы Орынкүл жеңгеміз екеуі 5 ұлы, 3 қыз тәрбиелеп өсіріп, олардан құдайдың берген немерелерін сүйіп отыр.

«Қазатөмөнеркәсіп» ҰАК АҚ-ның мерекелік төсбелгісімен, аудан әкімінің, аудандық «Аманат» партиясы бөлімшесінің, аудандық мәдениет бөлімі мен аудандық ардагерлер кеңесінің алғыс хаттарымен, мақтау қағаздарымен марапатталған. Ақын Орынбасар Қасенұлы мерейлі 70 жасымен «Созақ үні» газетінің шығармашылық жұмысы атынан құттықтап газетіміздің тұрақты оқырманы, Орекеңе мықты денсаулық, шалқар шығармашылық шабыт, өлең өлкесінде толағай табыс, отбасылық бақыт пен қуанышты күндерінің көп болуын тілейміз!

Мақсат ҚАРҒАБАЙ.
«Созақ үні» газетінің жауапты хатшысы.

Табиғат

Қыл қалам шимайлар керемет,
Ал жаным ләзәтқа бөленеді.
Өткірлі найзаның ұшындай,
Қыл қалам теңдесіз құдірет.

Бояулар бет алды шашылған,
Қимылсыз қисынсыз аһ ұрған.
Парағын іздеумен барады,
Таулардың төсіне жасырған.

Табиғат төмпешік тәңірде,
Ыңырсып құлап сап әр үнге.



Таулардың төбесі бағынды,
Сүйсініп қарайсың әлі де.

Назды үнің сыймайды суретке,

Сұлулық лайық деп құрметке.
Бұлқынып асаудай есірді,
Сақтадым кетпестей ілмекке.

Оралдым айлы түн кешінде,
Тылсымдар суреттің төсінде.
Ырғақпен, әппештеп салғанмын,
Сондықтан бұл бейне есімде.

Жаныма жылулық беріпті,
Білмеймін табиғат нені ұқты.
Көз жауын алыстан тартатын,
Таулардың әдемі көрікті.

Ұлан СЕЙТХАН,
Абылай хан атындағы Қазақ Халықаралық Қатынастар және Әлем тілдері университеті, журналистика мамандығының 2-курс студенті.

Созақ спорты жан жақты қаулап, өршіп, өрлеп келеді. Футболы, боксы, қазақша күресі, ережесіз жекпе жегі, шығыс өнері жыл сайын олардың түрлері де артып барады. Бұл жақсылықтың нышаны. Бүгінгі есірткі, нашақорлық, қару-жарақ, адам саудасы дүлей дауылдай аласұрып тұрған заманда рухани, физикалық ой еңбегі мен дене еңбегін қабыстырып салауатты ғұмыр кешу бір басқа, оны өзгелерге өнеге ету, нсихаттау, үлгі тұту бір басқа.

Қазір айтылып та жүр, жазылып та жүрген дүниенің бірі көптеген ірі сайыстарда ерекше көзге түскен спортшыларды, өнер адамдарын жат ағымдарға тарту саудасы да қызып тұрған сыңайлы. Солар арқылы өзгелерді тарту оңай болады деп ойласа керек. Әрине, мен мұсылман дейтін адамдардың бірінші иманы өз жүрегінде десек, әркімнің жүрегі имам Ағзам Әбу Ханифа мәзхабынан болса дейміз. Сол себепті әрбір ата-ана ұлды уысынан, қызды қылығынан шығарып алмауға тиістіміз. Жалпы, айтайын дегенім бұл емес. Мұны орайы келгенде тілге тиек еткенім гой. Әрі бүгінгі заман жастарына құлаққағыс етпекпін. Кезінде Кенжеханов Қашқынбай, Дүйсенбеков



тық дзюдо күресінен 2005-2006 жылы туылған жасөспірім ұлдар мен қыздар арасында өткен жарыста, 81 кг салмақ дәрежесінде мектеп атынан қатысып жүлделі 3-орын алып Республикаға жолдама алады. Одан келесі жылы 11 сынып оқып жүріп, салмағын бір келіге арттырып, 82 кг салмақта қазақша күрестен Түркістан облысының чемпионатында қола жүлдені жеңіп алып, Қазақстан чемпионатына тағы да жолдама алды.

Осылайша мектеп бітірген соң Айбар Халықаралық Қазақ-Түрік университетінің денешынықтыру және спорт факультетінің 1-курс студенті атанады. Ол дзюдо, қазақша күрес, белбеу күресі, самбо және УНИФАЙТ-пен айналысып жүр. Аталған күрес түрлерінің барлығынан спорт шеберлігіне үміткер. Кеше ғана ол Қыргызстанда өткен жасөспірімдер арасындағы Азия чемпионатында

орын, Түркістан облысының спартакиадасында 3 орын иемденген. Ал қазақша күрестен биылғы облыстың қола жүлдесін қоржынға салған еді. Белбеу күресінен биыл жасөспірімдер арасында чемпион атанса, ересектер арасында да ешкімге дес бермеді. Самбодан да құралақан емес Азия чемпионы. Бұл Теріскей топырағынан шыққан палуан баланың осыған дейінгі толағай табыстары ауыз толтырып айтарлықтай болып тұр. Жас ұланнан алдымыздағы жылдары Олимпиада алтынына қол жеткізер деген үміттеміз.

Айбар бала күнінен спортқа әуес болған. Қазіргі таңда Халықаралық Қазақ-Түрік университетінің 2 курсына өткен ол спорттың қазақша күрес, бебеу күресі, дзюдо және самбо түрлерімен шұғылданып жүр. Тағы да Айбар Мұхтарұлы жоғарыда аталған спорт түрлерінің барлығынан спорт шеберлігіне үміткер екен. Сондай-ақ, биылғы жылы облыста өткен қазақша күрестен біріншілікте қола жүлденің иегері атанды. Ал, Белбеу күресінен өткен жасөспірімдер арасында өткен чемпионатта жеңімпаз атанған.

Сонымен қатар, тағы бір қуанышты хабарды оқырман қауымға

Қызыл байрақтан Көк байраққа

Нұртаза, Айтжанов Тобақабил, Алтынбеков Болат, Дүйсенбеков Ниязәлі, Сармантаев Жетілген сияқты ағаларымыз Теріскей атын шығарып, тарихында қалды. Ұрпақтары, соңдарынан еріп келе жатқан өрелі өрендері бар да ұлы көш тоқтамақ емес. Сонау Қаратаудың етегінде, таудың тар қуысында, өзенді қапталдай қонған Қызылбайрақ деген ауыл бар. Сол Қызылбайрақтың бір перзенті дүйім елді дүрліктіріп қазақ күресінен, дзюдодан, тағы қандай спорт түрінен әлемді өзіне қаратып қазақ елінің көк байрағын көкке көтерді. Дәлірек айтқанда көкке көтерілуіне себепкер болды. «Болатын елдің баласы бесінде баспн дер, болмайтын елдің баласы он бесінде жаспн дер» демекші біздің бүгінгі кейіпкеріміз Айбар Тілеубектегі мектеп қабырғасында жүріп аудан, облыс чемпионы атанып үлгерген азамат. Айбар нағыз қазақ күресінің айбарына айналып келеді. Шолаққорғанға арнайы барып әлем чемпионы, ережесіз жекпе жек шебері Акбар ағасына жолығып, ақыл-кеңесін алады. Күрес шебері айтөре ағасынан тәлімді тәрбие, күрестің оңтайлы тәсілдерін де бір пысықтап алған Айбар алаңсыз қазақ күресіне ден қояды.

Атасы ақын, мал шаруашылығы саласының ардагері Тілеубек Ыбырайымұлының 80 жасқа толуына орай аудан орталығында шығармашылық кеші өткен. Сол атасының аталмыш шарасы өтетін күндері ол Грузия мемлекетінің астанасы Тбилиси қаласында болатын ірі әлемдік додаға шақырылады. Сол жақтан бүгінгі техника дамыған заманда ұялы телефон арқылы атасын құттықтап, ірі жеңісін атасының 80 жасқа толған туған күніне арнайтынын айтқанда кешке келген кісілердің ішінде толқымаған жан қалмады. Айбардың атасына деген құрметіне риза болысты. Ол да болса көргенді

ұлдың ісі болса керек. Отбасында әкесі Мұхтар, ағалары Айдар, Спандияр, Данияр, Ернар барлығы да спортшы азаматтар. Айбардың алғашқы жаттықтырушысы, әрі ұстазы, әрі ағалары Айдар мен Ернар. Қазіргі таңда Айбарға жанашыр бо-

көк туымызды желбіретіп 95 келіде сары құрлық чемпионы атанып қайтыпты. Жоғарыда айтып өткеніміздей ол осыған дейін қазақша күрестен Түркістан облысы чемпионатында 3-орын (2023 ж),

жеткізсек, Грузия мемлекетінде өткен UNIFIGHT спорт түрінен Айбар бауырымыз Әлем Чемпионы атанды, және қоян-қолтық төбелес түрінен Әлем чемпионатының күміс жүлдесін иеленді. Бұл деген Созақ



лып жүрген үлкен жүректі азамат осы-Айдар мен Ернар. Айбардың мектеп қабырғасынан бастап бүгінгі күнге дейінгі қол жеткізген жетістіктеріне кезегімен тоқталсақ.

Алғаш 10 сыныпта оқып жүргенде, яғни 2021 жылы Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 30 жылдық мерейтойына арналған облыс-

дзюдодан 2021 жылы Түркістан облысының ашық біріншілігінде 75 келіде 1 орын (2021 жыл), 2022 жылы Түркістан қаласының ашық біріншілігінде 3 орын, Түркістан облысының чемпионатында 3 орын (2022 жыл), Түркістан облысының іріктеу турнирінде 2 орын, 2021 жылы даңқты палуан Қажымұқан Мұңайтпасов турнирінде 90 келіде 2

ауданының 95 жылдығы мерейлі мемлекесіне үлкен сыйлық, татымты тарту емес пе! Айбар бауырымыз ауылымыздың, ауданымыздың, еңселі еліміздің еңсесін биіктете берсін! Баршаңызға құтты болсын айтамыз!

Мақсат ЖЕҢІСҰЛЫ.

Сенімгерлік басқарушы:

"Agro-sozak" ЖШС

Меншік иесі-

"Созақ үні" газеті редакциясы"
жауапкершілігі шектеулі
серіктестігі

Директордың міндетін
уақытша атқарушы:
Теңізбаев Сәрсенбек
Сайлаубекұлы

Бас редактор:
Теңізбаев Сәрсенбек
Сайлаубекұлы
Жауапты хатшы:
Мақсат Қарғабай
Редакция құрамы:

Аға тілші-
Нұржамал МАЙУСОВА
Тілшілер-
Данияр БЕКОВ
Нұрсұлтан ШЕРТАЕВ
Біржан ЖАНДӘУЛЕТОВ
Дизайнер-
Асхан БАҚТЫБАЕВ
Терімші-
Бағила АЯЗБАЕВА
Фототілші-
Құрманш КЕРІМҚҰЛОВ

Қолжазбалар еңделеді, қайтарылмайды және оларға пікір жазылмайды. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына және өздері әкелген суреттің сапасына жауап бермейді. Кей суреттер интернеттен алынады.

Компьютерлік бетпен екі жарым беттен (250 жол) асқан материалдар қабылданады.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар Министрлігі Ақпарат комитетінде 2018 жылдың 6 қаңтар күні Астана қаласында тіркеліп, мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою, қайта есепке қою туралы №17391-Г куәлігі берілген.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Ар-принт» баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Ж.Ташенов көшесі, №24.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Газет А-3 көлем форматта
аптасына 2 рет шығады
Индекс 64450

Редакцияның мекен-жайы:
161000, Шолаққорған ауылы,
С.Қожанов көшесі, байланыс
телефондары 4-15-30 (факс),
4-25-19, 4-28-97

А-ақысы төленген

тапсырыс №
таралымы -
3500 дана

Кезекші редактор:

М.Қарғабай.